

Калиновка ауылының көшелерінің атаулары туралы

Ақтөбе облысы Қобда ауданы Бегалы ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 14 шілдедегі № 8 шешімі. Ақтөбе облысы Қобда аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 9 тамызда № 3-7-121 тіркелді

Ескерту. Шешімнің деректемелерінде, тақырыбында және мәтіні бойынша "селосының", "селолық" сөздері "ауылының", "ауылдық" сөздерімен ауыстырылды, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді - Ақтөбе облысы Қобда ауданы Бегалы ауылдық округі әкімінің 21.12.2017 № 21 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес және Бегалы ауылдық округінің тұрғындары конференциясының 2011 жылғы 31 мамырдағы № 1 хаттамасы негізінде, Қобда ауданы Бегалы ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – Ақтөбе облысы Қобда ауданы Бегалы ауылдық округі әкімінің 21.12.2017 № 21 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Калиновка ауылының төмендегі көшелеріне атау берілсін:

- 1) Николай Терещенко көшесі;
- 2) Михайл Кошелев көшесі;
- 3) Қазақстан көшесі;
- 4) Амангелді Қосжанов көшесі;
- 5) Юрий Гагарин көшесі.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі

Ю. Утянов